

Мұра

Мен бұл әңгімелерді 1967 жылдары тоқсанды алқымдап қалған Дербекеңнің ұрпағы Ақсу-Аюлыда тұрған Дүйсен ақсақалдан, құдаларымыз Алдаберген, Оспан, Қадірбек, Төлеу, Төлеген, Жаңбырбай, т.б. кісілерден естіп, ҚР ҰҒА ғылыми кітапханасының сирек қорынан алып, биылғы жылы Дербісал батырдың 300 жылдығына себін тигізер деген мақсатпен редакцияға жолдап отырмын. Дербекең Қаракесек... – Сарым – Тоқсан – Мастан – Құлжан – Айдабол – Дербісал болып келеді.

Арқаның атақты

«БАСТЫ ДУЛҒА САҚТАМАЙДЫ, ҚҰДАЙ САҚТАЙДЫ!»

«Жау келіп қалды, жау, жау, ...», - деген сөзден ояна кетіп, сауытын асығыс киіп, үйден атып шыққан Дербісал батыр дулығасын киюді ұмытып кетіпті. Жауды түні бойы қуып келе жатып батырлар: «Дераға дулыға қайда» депті. Сонда «Е басты дулыға сақтар деймісің, Құдай сақтар», - деп жүре беріпті. Жылқыны алуға келген қалмақ батырлары екен. Екі жақ шайқасып қалып, екі жақтан көптеген шығын болыпты. Қазақтар жағынан Дербісал, қалмақ жағынан бір батыр кірген жағын-есік, шыққан жағын-жол қылып, қырғын басталып, бір кезде қалмақ батырлары қашып, оны біздің батырлар қуып кетіпті. Қалмақтың бір батыры қашпай, Дербікең екеуі керемет шайқасады. Дербекең бабасы Майқының аруағына сиынып, «Ісім адал, жауызды өлтірсем қазылық, елім, жерім үшін сенен өлсем шейітпін. Сен сияқты «құтырған қасқырдай жалақтап, талай қазақты өлтірген тамақтап, жұтуға келген алақтап» озбырлар өлімге махрұм» деп қалмақтардың қаруына сай найзасын көлбей ұстап, қарсы бір дәу батырына ұмтылады.

Екеуі кетті айқасып,
Қару жұмсап шайқасып.
Өлер жерін байқасып,
Ебін қалай табам деп,
Кейбір кезде шегінеді тайқасып.
Найзаменен қағысып,
Қылышпенен шабысып,
Шоқпарменен ұрысып,
Білектері қарысып,
Түйіседі қабағын,
Ыңғайласып садағын,
Өлтірер жерін ойласып,
Табам деп қалай есебін.
Шоқпарменен ұрады,
Шарт-шұрт етіп сынады.
Қылар ойы таусылып,
Жарғақсыз боп құралы.
Жағаласып жанысып,
Күш сынады, тұрады,
Қайрат келіп бойына.
Намыс кіріп ойына,
Шықшытынан ұрады.
Ашулы ердің күшімен,
Атынан қалмақ құлады.
Кіндігінің тұсынан,
Ат үстінен еңкейіп,
Шоқпарменен ұрады.
Жауын жеңіп жайратып,
Сонда көңілі тынады.

Қалмақтың батырын байлап алып:
-Неге қашпадың?-депті Дербісал.
-Бәрі-бір бір өлем, батыр емеспін бе.

БАТЫРҒЫ

депті. Ол кезде сондай дәстүр болса керек.

Қазақ батырлары қалмақ аулына келсе, бір ақ отау тігулі тұр, басқа ел көшіп кетіпті. Басқарып келе жатқан қазақ батыры: Ал, жігіттер, олжа-олжа! Бұл үйде дәу де болса қалмақтың сулуы отыр! Енді былай істейік. Аттарына сенетіндер шығындар, кімнің аты бірінші барады, қыз сонкі болады,-дейді.

Үміті бар батырлар айылдарын тартып, қатарға тұра бастайды. Ішінде мың басы

Қаракесек Сарымының Дербісал батыры бар екен. «Иә, Құдай!»-деп ол да сапқа тұрады. Бір кезде ал кеттік,-деп батырлар шаба жөнеледі. Өне-міне дегенше ақ отауға батырлар да келіп қалады. Дербісал батыр 3-4-ші келіп қалған екен. Енді атының оза алмайтындығын сөзді ме, қой бұл қыз бізге бұйырмайтын болды деп, қолындағы найзасын алып киіз үйге жіберсін кеп. Найза шаңырақтан өтіп ошаққа тік етіп қадалған екен.

Енді бірде «мен бірінші келдім, бас олжа менікі»-деп бір батыр шығыпты. Бір мезетте отаудан қолында жаңағы найза бар ай десе аузы, күн десе көзі бар бір қыз шығып, иіліп батырларға сәлем етсе керек.

бірінші келеді, қыз сонкі» деп бәстесіп едік, сен мына батырға бұйырдың депті бірінші келген батырды көрсетіп. Сонда қыз жұлып алғандай.

-Жоқ! Егер тағдырдың жазғаны болса, аты келген емес, заты бірінші келген адам менің құдай қосқан жолдасым болсын. Маған ең бірінші жеткен сол батыр,-деп найзаны жерге тастай беріпті.

Қашаннан қыздың жолы жіңішке. Батырлар уәжге тоқтап, қыз Дербісал батырға бұйырған екен.

Міне, жұртым ерлердің өнегесі, Оңайлықпен тынбайды ер егесі. Шын сүймесе батырлар зорламайтын, Осы екен ұстанған ережесі. Оңайлықпен қыз-дағы көнбейді екен, Өзімен тең болмаса терезесі. Зорлықпенен күң етіп малша жұмсау, Озбырлардың істеген келекесі. Ханы әділ, билігі тұзу болса, Басқа пана халықтың көлеңкесі. Ақылменен барлығы іс істейтін,

байлатқызып қояйын. Сыбағаң болсын, тек өзің ғана жеп жүр. Одан біздің ел кедей болмайды. Тек халыққа тиме. Шаруасын істеп жүре берсін» деп екеуі өзара келісіп, арыстан күнде бір ту бие жеп жүріпті.

Бірде, қараса, семіз тор бие байлаған екен. Арыстан оны жеместен, құйрығымен жерді сабалап, ақырып, биенің ар жағына бір, бер жағына бір шығып шауып жүреді. Мұны көрген жұрт шошып, Арыстан жынданған болуы керек» деп ханға хабар береді. Артына хан келіп: «Ей, арыстан, бұл

тор бие өзі семіз, алдыңғылардан еш кем емес. Мұны жемей ақырып, құйрығымен жер сабалап жатқаның не?» дейді. Сонда арыстан: «Дұрыс айтасың. Сен адам патшасысың, мен хайуанат патшасымын. Бірақ мына тор биені құлын күнінде қасқыр тартқан екен. Мен аң патшасы болсам, қасқыр тартқан малды жегенім бола ма?» деген екен.

Сол сияқты сіз Шыңғыс ханнан бері хан тұқымы болсаңыз, енді мен сізге лайық емеспін. Екі елдің тыныштығы үшін батырлардың шешімін бұзбауыңызды өтінемін» деген екен.

Абылай: -Барабер,-депті.

Енді Дербісалды шақыртып алып Абылай: - Менің рұқсатымсыз олжаны неге бөлесіңдер! Бұл қай басынғандарың?-депті.

Дербісал батыр тайынбай:

-Түйінді өзіңіз шешіңіз,

Шешілмесе кесіңіз.

Батырлардың шешімі,

Қате болса кешіңіз.

Ханның дауына қалдық па?

Қатынның дауына қалдық па?!-депті сөзді айтып б

қасқыр үйдің іргесінде тұрғандай ұлып-ұлып жіберіпті. Абылай селк ете түсіп:

-Кеше ауылдарыңда дәл осылай

қасқыр ұлыды ма?-депті.

Дербісал:

-Ұлыды,-дейді.

-Мына қасқыр сені өлтірсем, мені жеймін деп тұр ғой. Әй, Дербім, сенің киең бері ме еді? Бұл киең өзіңе бітті ме, атаңа бітті ме?-деп сұрапты.

Дербісал:

-Хан ием, Байбөрі мен Көкбөрі Керней менің бабаларым. Бүкіл түркі халқы Күлтөгінің көк бөрісінен шықты емес пе? Сондықтан менің де пірім-бері,-депті.

Абылай:

-Бөрің жарады, бөрің жарады,-деп үш рет айтыпты.

-Бұдан былай олжа тек менің ұлықсатыммен бөлінсін, бара бер,-депті.

Сыртта күтіп тұрған Қаздауысты

Қазыбектің баласы Бекболат биге

Дербісал: Абылайдан бір құтылуын

Жастығымды ала өлейін,-дедім депті қазақша білетін қалмақ батыры.

-Неге өлтірмедің?-депті қалмақ.

-Қашқанды өлтір, қарсыласқанды өлтірме,-деген ханымның сөзі бар еді,-депті Дербісал.

Қазақ батырлары да жиналып, тұтқындарды ханға алып келіпті. Жаңағы Дербісалмен алысқан батыр қалмақтың бас батырларының бірі екен.

Абылай: «Мұны кім құлатты,-депті. «Мен-ау, мен бе»,-деушілер болыпты. Қалмақ: «Жоқ мені түсірген дулығасыз батыр»,-депті. Е, ендеше ол Дербісал» деген екен бір ауыздан батырлар. Дербісалды шақырып келгенде қалмақ батыры «Осы»,-депті. Сонда Абылай қалмақтың 10 мыңының басшысын ұрып жыққан Дербісал сен бүгіннен мың басысың деген екен дейді. Сол қалмақ батырын біздің батырға айырбастапты.

«ХАННЫҢДАУЫНА ҚАЛДЫҚ ПА, ҚАТЫННЫҢДАУЫНАҚАЛДЫҚПА?!»

Бірде қазақ қолы қалмақ қолымен соғысқалы келген екен. Екі жақ қайта-қайта соғысып, елдің күйзелген бір тұсы болса керек. Қалмақ басшысы бір ақылды адам болыпты. Өзінің қызын ақ отау тігіп күтушімен, дүние мүлкімен тастап «Балам, елдіңамандығын тілеп, сені қалдырып кетіп барам. «Суды шым тоқтатады, дауды қыз тоқтатады» деген қазақта сөз бар. Қазақтың бір ұлына жолдас болып, бағың ашылсын. Екі елдің бейбіт өмір сүруіне мүмкін сен дәнекер боларсың. Елің үшін осыған сен де бар»,-

Ақылменен барлығы іс істейтін, Қасиетті ерлердің берекесі,-деп Кәрібай ақын тауып айтқан ғой.

Бұл қазақ тыныш жүрген бе? «Ойбай, Дербісал қалмақтың ханының қызын Абылай ханға бермей, қатын қылып алыпты. Оны Абылайға тастап кеткен екен деген сөз шығып, осы сөздер Абылайға жетіп, «Мені басынып кетер» деген оймен Абылай алдымен қалмақтың қызын шақырып алыпты. Талай әйел көріп жүрген Абылай қалмақ қызы иіліп сәлем беріп, бетін ашып жібергенде есі шығып кетіпті. «Сені батыр зорлап алды ма, әкең не деп еді»,-депті.

-Батырлардың шешімі Дербісалға түсті, мен көндім. Әкем байғұс, тұтқын қыздың кімге бұйыратынын қайдан білсін. Елдің тыныштығына дәнекер болсын деп әкем осындай шешім жасап еді. Хан ием сізден бір сұрақ сұрауға бола ма?

-Болады,-депті Абылай.

-Неше атадан бері хан едіңіз?

-Менің арғы бабам Шыңғыс хан,-депті.

-Онда бір сөз айтуға рұқсат етіңіз,-депті қыз.

Абылай рұқсат берген екен. Сонда қыз: «Баяғы заманда бір ханның ауылын арыстан шаба берген соң, жұрттың шырқы бұзылады. Халық одан құтылар амал таппай, әуре болып жүргенде, бір күні хан арыстанды алдына шақыртып: «Әй, арыстан, мен адамның патшасымын, ал, сен аңның патшасысың. Осылай жұртты шулатып, мазасын қашырып, ұрлық жасау саған келіспейтін нәрсе. Мен мынау бәйтеректің түбіне күнде бір ту бие

құтылдым, болмаса Қарқабаттапшығайын деп едім, қалғанын көре жатармыз депті.

Ал Абылай қасындағы некерлеріне:

-Керей-Уақты найза бер де жауға қой, Бес Мейрамның баласын қамшы бер де дауға қой, деп мен текке айтып жүргем жоқ қой. Уай, бәлі, мұны айтпасаң сен Қаздауысты Қазыбек шыққан Қаракесек бес Мейрамның ұрпағы болар ме едің деген екен.

Иә, қазақ:

Таудан аққан тас бұлақ,

Құймай қоймас теңізге.

Қандай адам болса да,

Тартпай қоймас негізге,-деп дұрыс айтқан ғой депті Қарауыл Қанай би Абылайға.

Осыдан кейін Қаздауысты Қазыбек Өлтеке-Сарымның бас батыры боп жүрген Дербісал батырға қазақ:

Арғымақсенібаптадым.

Құлағыңтік, серек деп.

Азамат, сенісақтадым,

Бір күніме керек!-деп айтыпты ғой. Сен енді Абылаймен тіреспе, сен билік жолына түс, еліңнің төбе биі бол, сені біз сақтауымыз керек депті.

Дербісал үйіне келсе бес Мейрам балалары жиылып қалыпты. «Сол күні келінім босанып ұл туды, Абылайдың аузына Құдай салған шығар, деп атын Бөрі қойып едім» депті.

Дербікеңді көк бөрі киесі ханның дауынан осылай аман алып қалыпты.

Ғалым МҰСАТАЙ.

ҚАРАҒАНДЫ қаласы.